

**Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 1 шілдедегі № 302 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 7 тамызда № 4972 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 43 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 26.01.2016 № 43 қаулысымен (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18-бабы 2) тармақшасына, 238-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру саласындағы мамандары лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Лисаков қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*М. Жүндібаев*

*КЕЛІСІЛДІ*

*Л и с а к о в                      қ а л а л ы қ  
м ә с л и х а т ы н ы ң                х а т ш ы с ы*

*Г. Жарылқасымова*

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 4                      ж ы л ғ ы                      1                      ш і л д е д е г і

№                      3 0 2                      қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

**Азаматтық қызметші болып табылатын  
және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру саласындағы  
мамандары лауазымдарының тізбесі**

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру саласындағы мамандарының лауазымдары:

- 1) барлық мамандықтағы мұғалімдер;
- 2) мектеп директоры;
- 3) оқу, тәрбие жұмыстары жөніндегі мектеп директорының орынбасары;
- 4) қосымша білім беру педагогы;
- 5) педагог-психолог;
- 6) аға жетекші;
- 7) кітапханашы;
- 8) тәрбиеші;
- 9) музыкалық жетекші;
- 10) дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы;
- 11) қазақ тілі оқытушысы;
- 12) әлеуметтік педагог;
- 13) медициналық бике.

Ә к і м д і к т і ң

2014 жылғы 1 шілдедегі

№ 302 қаулысына

2-қосымша

**Лисаков қаласы әкімдігінің күші жойылған  
кейбір қаулыларының тізбесі**

1. Лисаков қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 26 ақпандағы № 315 "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін білім беру мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-4-112 болып тіркелген, 2008 жылғы 10 сәуірде "Лисаковская новь" газетінде жарияланған).

2. Лисаков қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 14 маусымдағы № 316 "Әкімдіктің 2008 жылғы 26 ақпандағы № 315 "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін білім беру мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-4-187 болып тіркелген, 2011 жылғы 28 шілдеде "Лисаковская новь" газетінде жарияланған).

3. Лисаков қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 25 қазандағы № 476 "Лисаков қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 26 ақпандағы № 315 "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін білім беру мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4306 болып тіркелген, 2013 жылғы 12 желтоқсанда "Лисаковская новь" газетінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК